

## "Нұрсат" бірлескен кәсіпорнының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 қараша N 1376

"Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы құрлықаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын құрту, авариялық жағдайлардың зардаптарын жою және ядролық қаруды таратуды болдырмауға қатысты келісімді жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 қазандағы N 1300 P951300\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Аталған қаулыға және "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 қазандағы N 1300 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1334 қаулысына сәйкес конверсиялық телекоммуникациялық жобаны іске асыруды "Нұрсат" қазақстан-американ бірлескен кәсіпорны жүзеге асырады деп белгіленсін.

"Нұрсат" қазақстан-американ бірлескен кәсіпорны Жарғысында көзделген қызметінен басқа, сондай-ақ үкіметтік және арнаулы байланыстарды толық көлемде жүзеге асыруда бірінші талап етуі бойынша қызмет көрсетеді деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі бір апта мерзімде "Нұрсат" қазақстан-америка бірлескен кәсіпорнына телерадиохабарлары қызметін көрсетуге және "Нұрсат" телекоммуникациялар жүйесі арқылы деректер беру қызметін көрсетуге лицензия беретін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі